

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 67 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1102 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.09.28 № 1102 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 10, 111-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлік, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлік, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің мүлкін мүліктік жалға беру:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдері негізінде жүзеге асырылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың стратегиялық маңызы бар объектілерін мүліктік жалға беру;

2) алаңы 100 шаршы метрге дейін үй-жайларды, теңгерімдік құны 150 есе ең төменгі есептік көрсеткіштен аспайтын жабдықты және мемлекеттік басқару органдарының ұсынысы бойынша уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің жазбаша келісімімен жүзеге асырылатын курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер және спорттық іс-шаралар өткізу үшін бір айдан аспайтын мерзімге оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың

үй-жайларын беру жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізде жүргізіледі."; мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жалға алынған мүлікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу ақшамен жүргізіледі.

Жалдау ақысының есептік ставкалары аймақтық жағдайларды ескере отырып анықталады және оларды уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісім бойынша жалға беруші бекітеді.";

6-тармақтың екінші абзацындағы "уәкілетті органның келісімімен" деген сөздер "мемлекеттік басқару органымен келіскеннен кейін және уәкілетті органның жазбаша келісімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тендерлік комиссия жалға берушінің және уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінен құралады. Тендерлік комиссияның құрамына сол сияқты жалға берушінің мемлекеттік басқару органының және өзге де мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін";

16-тармақтың 2) тармақшасы "және жалдау ақысының бастапқы ставкасының мөлшері (осы Ереженің 3-1-тармағына сәйкес жалға беруші бекіткен есептік ставкасынан төмен болмауы тиіс);" деген сөздермен толықтырылсын;

41-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацы ", сондай-ақ өз есебінен ағымдағы жөндеуді жүргізу және жалға алынған мүлікті ұстау жөніндегі шығыстарды көтеру;" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 21 қаңтардағы

№ 67 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 7 наурыздағы

№ 336 қаулысына

қосымша

200__ жылдың ____ (айы)

(министрліктің, агенттіктің, ведомствоның)

үшін ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті олардың

мүліктік жалға беруі жөніндегі
ЖИЫНТЫҚ ЕСЕБІ

Р/с!Кәсіп.!Жалдау шар. !Жалға !Мүліктік жал.!Үй-жай !Жалға алын.
 N !орын. !тының N және!алушы. !дау шартының !алаңы !ған мүлікті
 !ның !күні (ұзар. !ның !әрекет ету !немесе !пайдалан.
 !атауы !тылған жағ. !атауы !мерзімі !жабдық !ғаны үшін
 ! !дайда жаңа !(тегі, !-----!саны !ақының
 ! !шарттың !аты- !баста.!аяқ. ! !мөлшері
 ! !N және күні)!жөні) !луы !талуы !!(мың
 ! ! ! ! ! ! !теңге)

1 2 3 4 5 6 7 8

таблицаның жалғасы

Есептелген!Аударылған!Мүлікті !Ескерту !
 ақы !сома !пайдаланғаны ! !
 (мың !(мың !үшін төлемдер!
 теңге) !теңге) !бойынша ! !
 ! ! берешек ! !

9 1 0 1 1 1 2